

№3 Мәртөк ЖОББМ бойынша 2022-2023 оқу жылының 1 жартыжылдығы
бойынша ыстық тамақпен қамту туралы
Ақпарат

№ 3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебінде 473 оқушы буфеттік тағаммен қамтылған, буфеттік тағамның құны - 250 теңге (тоқаш, картоп қосылған бәліш, қырыққабат қосылған бәліш, қоюландырылған сүт қосылған бәліш, шай).

Мектепте 1-11 сыныптарда оқитын жекелеген санаттағы отбасылардан шыққан 40 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. 1-4 сыныптарда -22 оқушы, 5-9 сыныптарда -15 оқушы, 10-11 сыныптар -3 оқушы. Тегін жеңілдікпен тамақтану құны 507 теңгені құрайды. Ақтөбе облысы бойынша жалпы білім беретін мектептердің жекелеген санаттағы білім алушыларының тегін ыстық тамағын ұйымдастыруға арналған 2 апталық ас мәзірі бойынша күніне бір рет оқушылар тамақтанады. Мектепте үзіліс кезінде асханада мұғалімдердің кезекшілігі ұйымдастырылды.

Тамақтану қатаң түрде кесте бойынша белгілі бір уақытта жүргізіледі (1-ауысым 9:35, 2-ауысым 15:35). Оқушылардың уақытылы тамақтануға келуін бақылау күнделікті жүргізіледі.

Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу мақсатында бракеражды-мониторингтік комиссия құрылды. Комиссия төрағасы білім беру ұйымының басшысы болып табылады.

Бракераждық комиссияның құрамы медицина қызметкерін, әкімшілік мүшелерін, өндіріс меңгерушісін, ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің өкілдерін міндетті түрде қоса отырып, білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітілді.

Бракераждық комиссия мүшелерінің саны кемінде 7 адамды, оның ішінде осы мектептің ата-аналар қауымдастығының ішінен кемінде 3 адамды құрайды.

Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссияның міндеттері:

- ас блогындағы, асханадағы жұмыстың ұйымдастырылуын;
- тамақ өнімдерінің сапасын, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру, сақтау шарттарын;
- өнімдерді өткізу мерзімдерін;
- тамақ дайындау сапасын;
- тамақтың балалардың негізгі тағамдық заттарға физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкестігін;
- ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын бақылау болып табылады.

2022-2023 оқу жылының басынан 5 бракеражды-мониторингтік комиссия тексерісі өткізілді.

Тексеріс нәтижесінде анықталды:

1. Күнделікті ас мәзірі екі апталық ас мәзіріне сәйкес;

2. Дайын өнімнің сапасы дәмді, балғын, тамақтардың шығуы, дайындалған тамақтану көлемінің бір реттік порция көлеміне және балалар санына сәйкес;
3. Тамақ өнімдерінің сапасын, олардың сапасын куәландыратын құжаттардың болуы,
4. «Технологиялық карталарға» сәйкес тағамдар мен аспаздық өнімдерді дайындау технологиясы сақталған.
5. Ас блогының қызметкерлері өз функцияларын арнайы берілетін таза киімде (халатта, комбинезонда, бас киімде, аяқ киімде және т. б.) жүзеге асыруда;

Тексеріс барысында анықталған кемшіліктер:

1. Нан үгіндісін жинауға арналған арнайы ыдыс және үгіндіні жинайтын щетканың болмауы;
2. Жұмыртқа жууға арналған ыдыстың болмауы;
3. Ас блогінің тазалық жағдайының төмен болуы, қабырғалардың лас болуы;
4. Ас блогында азық-түліктің дұрыс, талапқа сай сақталмауы.

Анықталған ескертулер бракеражды комиссия тексеру актісіне енгізілді, ас блогы қызметкерлері тексеріс нәтижесімен танысып, 1 жұмыс күні ішінде аталған кемшіліктер жойылды.

Орындаған. Зайнуллова К.Ы.

